

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі N 855 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында "Есіл" ауданын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 5 тамыздағы N 637 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2) "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 49, 627-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Барлығы, штат саны\* (бірлік)" деген бағанда:

"Астана қаласы" деген жолдағы "1011" деген сандар "1043" деген сандармен ауыстырылсын;

"ЖИЫНЫ:" деген жолдағы "47492" деген сандар "47524" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі және Астана қаласының әкімі белгіленген тәртіппен:

1) өзінің бұрын шығарылған актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*